

ТАРИХ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада мектепте тарихты оқыту барысында сыныптағы диалогты тиімді жүргізу – оқушының оқуға деген ынтасын арттыру, мұғаліммен тең деңгейде өз пікірін еркін және сыни тұрғыда айта білуге баулуға мүмкіндік беретіні қарастырылған. Сонымен қатар сабақ кезінде қолданылатын диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер мен оқушы арасында тиімді байланыс орнатып, білім беруді бірлескен іс-әрекетке айналдыратыны көрсетілді.

Түйінді сөздер: диалогтік оқыту, тарихты оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются эффективность ведения диалога в классе в изучении истории. Диалогическое обучение повышает мотивацию учеников, способствует формированию коммуникативных навыков и критического мышления учеников. Диалогическое обучение также устанавливает доверительные отношения между обучаемыми и позволяет эффективно проводить групповую работу в классе.

Ключевые слова: Диалогическое обучение, преподавание истории, личностно-ориентированное обучение.

ABSTRACT

The article examines the effectiveness of dialogue in the classroom studying history. Dialogic learning increases the motivation of students, promotes the formation of communication skills and critical thinking of students. Dialogic teaching also establishes a trust relationship between students and allow effective group work in the classroom.

Keywords: dialogical learning, the teaching of history, personality-oriented education.

Қазіргі жүргізіліп жатқан жаңаша ғылыми-зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын дәлелдеуде. Мерсер мен Литлтон [1] өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсеткен. Зерттеулерде балалардың ересектермен интерактивті қарым-қатынасы, сонымен бірге достарымен бірігіп жүргізетін жұмыс түрлерінің баланың оқуына және танымының кеңеюіне әсер ететіндігі айтылған.

Сыныптағы диалогты тиімді жүргізудің басты мақсаты – оқушының оқуға деген ынтасын арттыру, мұғаліммен тең деңгейде өз пікірін еркін және сыни тұрғыда айта білуге баулу. Бұл мақсатты зерттеу барысында мұқият қадағалап отырдым. Диалог арқылы біз баланың жеке тұлғасының қалыптасуына жағымды ықпал етеміз.

Басқаларға қарағанда педагогикадағы жеке тұлғаны дамытуға бағытталған идеяларға бихевиористер жақын келгені рас. Олар мәселені адамның биологиялық мәні негізінде технологиялық жақтан шешуге талпынды. Олар ұсынған біршама қатал технология жоспарланған нәтижеге алып келуі тиіс болатын. Гуманистер мұндай технологизациялауға принципиалды түрде қарсы болды, өйткені олар мұғалім мен оқушы жеке тұлғасының бірегейлігін, механизмдер принципіне бағынбайтынын дәлелдеді (Ф.Шлехти, 1990) [2]. Алайда, бұл гуманистер оқыту технологиясын мойындаған жоқ, ал бихевиористер алгоритм бойынша ғана әрекет студі талап етті деген сөз емес. Өмірде мұның бәрі әрі күрделі, әрі оңай. Педагогтар өз тәжірибесіне сүйене отырып, кез келген теорияға түзетулерін енгізетіні анық. Бұл көзқарастың мәнін түсіну үшін, олардың негізгі қайнар көздеріне үңілейік. Психологиядағы гуманистік бағыттың ең көрнекті өкілі Карл Роджерс [3], Л.И.Божовичтегі үзіндіге сәйкес, осы бағыттың негізгі принциптерінің ішінде төмендегілерді бөліп алып қарайды:

- жеке тұлға әрдайым өзгеріп отыратын әлемнің ортасында болады. Бұдан педагог үшін маңызды екі қорытындыға келуге болады: әрбір жеке тұлға үшін қоршаған

ортаны қабылдайтын өз ішкі әлемі маңызды; осы ішкі әлемді сырттай ешкім толық тануы мүмкін емес;

- қоршаған ортаны адам өзінің көзқарасы және түсінігі арқылы қабылдайды;
- жеке тұлға өзін тануға және жетілуге тырысады;
- жеке тұлғаның дамуына қажетті түсінісу тек қана сөйлесу, араласу нәтижесінде ғана пайда болады;
- өзін өзі дамыту басқа адамдармен , қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау негізінде жүзеге асады. Адамға өзін тануы үшін оған басқалардың баға беруі өте маңызды.

К.Роджерстің көптеген көзқарастары жеке тұлғаға бағытталған педагогика негізіне айналды.

Баланың жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігі жөнінде совет психологтары: Л.В.Выготский (бала дамуының жақын аймағы теориясы), П.Я.Гальперин (ақыл-ой әрекетінің сатылы қалыптасу теориясы), А.А.Леонтьев (қарым-қатынас психологиясы) және т.б. сөз еткен болатын [4]. Алайда, кеңестік дәуірде сыныптық сабақ жүйесі мен педагогикадағы авторитарлық стиль жағдайларында әрбір оқушыға қатысты бұл идеяларды қолдану абсолютті түрде мүмкін болмады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жағдайларында мұғалім дәстүрлі оқыту жүйесінен кем емес, бірақ мүлдем өзге роль мен міндеттерге ие болады. Бұны дұрыс түсіну керек. Егер дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім оқулықпен бірге білімнің беделді қайнар көзі болса, ол сонымен бірге білімді бақылаушы орган да болды. Ал жаңа білім беру парадигмасында мұғалім оқушының өз бетінше белсенді таным әрекетін ұйымдастырушы, кеңес беруші мен көмекшісіне айналады. Оның кәсіптік біліктілігі оқушылардың білімі мен шеберлігін бақылауға ғана емес, оқушының іс-әрекетіне баға беруге, білімін қолдану мен танудағы қиындықтарын дер кезінде жоюға көмектесуі керек. Мұғалімнің бұл ролі дәстүрлі оқытуға қарағанда күрделірек, одан өте жоғары шеберлікті талап етеді.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту оқушының интеллектуалдық даму деңгейін, жеке пән бойынша дайындығын, оның мүмкіндіктері мен икемділіктерін ескере отырып, жеке саралап оқытуды қарастырады.

Уақыт талабы – осы, және бұл біздің мектептерге ғана емес, кез келген дамыған қоғамның білім беру жүйесіне қойылып отыр. Қазіргі кезде әлемнің барлық дамыған елдері білім беру жүйесін реформалаудың қажеттігін сезініп отыр. Оқушы мен студент, шын мәнінде, оқу процесінің өзегіне айналуы керек, оқушының танымдық әрекеті педагог-зерттеушілердің, білім бағдарламалары мен оқыту құралдарын жасаушылардың, әкімшілік қызметкерлердің басты назарында болуы тиіс.

Л.С.Выготский бала дамуының жақын аймағы теориясы оқушыны білмейтін нәрсесін білуге ұмтылдыратын күш деп санайды. Бұл тапсырмаларды орындауда ересектердің көмегі және қолдауы қажет. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді.

Л.С.Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуда, әлеуметтік қолдауда мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылар көбірек білетін басқа біреумен диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оларды оқыту оңай болады. Басқа біреу оның сыныптастары немесе мұғалімдері болуы мүмкін. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, бала дамуының жақын аймағы аясында қарастырылатын болса, оқыту табысты болмақ.

Мұғалімдер оқушыларға олар қолдауды қажетсінетін салалардағы олардың өздеріне деген сенімдерін дамытуға және өздерінің табысты болғандығын сезінген салаларда көмектесетін мәселелердің бар екендігі туралы тоқтамға келді. Бұл мынадай мәселелер:

- Қандай жаңа мәлімет алдыңдар?
- Бәрінен де неге риза болдың?
- Сізге ең оңайы не болды?
- Сізге не ерекше қиын болды?

- Өз проблемаңызды шешуге не көмектесті?

Осы сұрақтарға жауап алу үшін мұғалім оқушылармен барынша көп сөйлесуі қажет.

- Жалпы сабақта әңгімеге қанша уақыт беріледі?
- Әңгіме кезінде кімнің рөлі бастаушы болып табылады?
- Қай оқушы әңгімеге көп қатынасады? Белсенділігі төмен немесе мүлде әңгімеге қатыспаған кім?

- Қай кезде мұғалім көп сөйлейді?
- Қандай жағдайда әңгіме тек оқушылар арасында жүреді?

Болашақта осы сияқты кемшіліктерді түзету үшін тағы да үзбей іздену керек, шығармашалыққа ұмтыла түсу керек деп ойлаймын.

Қорыта айтарымыз, сабақ кезінде қолданылатын диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер мен оқушы арасында тиімді байланыс орнатып, білім беруді бірлескен іс-әрекетке айналдырды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мерсер Н., Литлтон К., (2007). Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл. Нью-Йорк: Раутледж.
2. Phillip C.Schlechty. Schools for the 21-st Century. Leadership Imperative for Educational Reform. – San Francisco, 1990.
3. Rogers K. (1969). Freedom to learn, Columbus (Ohio). См. Божович Л.И., Личность и ее формирование в дет возрасте. – Москва, 1968. С.3.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Уч.пос. /Е.С.Полат, др. -Москва: «Академия», 2001. С.7.

Нугуманова Карина Ансагановна
Бакалавр химии, КГУ ШОД «Озат»,
г. Костанай

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

АННОТАЦИЯ

Мақала химия пәнінде сын тұрғысынан ойлау жүйесін дамытуға бағытталған. Мақалада сын тұрғысынан ойлаудың ұстанымдары мен тәсілдері сипатталады. Мұғалім сын тұрғысынан ойлау технологиясының тәжірибесімен бөліседі. Сонымен қатар, сабақ барысында қолданылатын жеті модульмен өзара байланысын сипаттайды.

Кілт сөздер: сын тұрғысынан ойлау, оқытудағы көшбасшылық, талантты және дарынды балаларды оқыту.

Түйінді сөздер: сын тұрғысынан ойлау, көшбасшылығы талантты және дарынды балаларды оқыту.

АННОТАЦИЯ

Статья направлена на обучение критическому мышлению в уроках химии. В статье описываются принципы и методы критического мышления. Учитель делится опытом с технологией критического мышления. Также описывает взаимосвязь семи модулей, применяемых в обучении.

Ключевые слова: критическое мышление, лидерство в обучении, обучение талантливых и одаренных детей.

ABSTRACT

This paper focuses on teaching critical thinking in chemistry classes. This article describes the principles and methods of critical thinking. The teacher shares her experience with the technology of critical thinking. Also it describes the relationship of the seven modules, used in training.

Key words: critical thinking, leadership training, training of talented and gifted children.